# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ОТЧЕТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

*(окончание, начало на стр. 1-2)*

социальная помощь 13 семьям из 58 человек на сумму 570,2 тыс. тенге, пособия семьям имеющим детей в возрасте до 18 лет -44 семьям из 129 человек на сумму 876,4 тыс.тенге, жилищная помощь 46 семьям из 124 человек на сумму 984,3 тыс.тенге, возмещено затрат 3 детям-инвалидам, обучающимся и воспитывающимся на дому, на сумму 50,2 тыс.тенге. Общий охват за 7 месяцев 2015 года составил 106 семей или 314 человек, на общую сумму 2481,1 тыс.тенге.

По решению местных представительных органов оказана материальная помощь 519 социально - уязвимым гражданам на общую сумму 3 429,1 тыс.тенге, из внебюджетных средств оказана помощь в праздничные дни на сумму свыше 2 500,0 тыс.тенге.

За 7 месяцев 2015 года 281 человек трудоустроен, в т.ч. 76 человек по Программе «Дорожная карта занятости 2020», из которых на социальные рабочие места направлено 30 человек, на молодежную практику 20 человек, на общественные работы – 188 безработных. Всего мерами социальной защиты охвачено 515 человек.

За истекший период в рамках программы «Дорожная карта занятости 2020» КФ АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства» выдал кредит на сумму 3,0 млн. тенге одному участнику программы на расширение крестьянского хозяйства (Бостанова Х.К.). Планируется выдать кредит 4 участникам 4 кредита на сумму 12 млн. тенге.

3 участника закончили 10-ти месячную профподготовку. Вне Программы трудоустроено 54 человека.

В восстановленный в рамках программы «ДКЗ - 2020» 24-х квартирный дом по ул. Достык, заселено 15 семей оралманов, 2 семьи переселены с регионов с низким экономическим потенциалом (с. Айыртас Актогайского района; пос. Джамбул Шетского района), а также предоставлены квартиры 2 детям оставшимся без попечения родителей (1 - прибыл из Каркаралинского района, 2-ой ребенок житель нашего города).

В настоящее время ожидают заселения 5 семей оралманов, в связи с тем, что там проживают жители аварийного дома по адресу: Космонавтов, д.11.

**Назарларыңызға рахмет!**

## Назарда тәртіптілік пен ұқыптылық

### ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА «МҮЛДЕМ ТӨЗБЕУШІЛІК» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қоғамда кез-келген құқық бұзушылыққа деген «мүлдем төзбеушілік» принципін, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімдерін күшейту, қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету ісінде ішкі істер қызметкерлері мен азаматтардың күштерін біріктіру қажеттілігін енгізу туралы нұсқауын жүзеге асыру мақсатында 2015 жылдың 14-16 қыркүйегі аралығында жергілікті атқарушы органдары ішкі істер органдарымен бірлесіп, қала аумағында заңдылықты сақтау және түрлі құқық бұзушылықтармен күресу мәселесіндегі «мүлдем төзбеушілікті» көрсету бойынша халықты белсенділікке бағыттау акциясы өткізілді. Акцияға білім беру саласы мен мекеме қызметкерлері қамтылды. Түсіндірме жұмыстары кезінде барлық қатысушыларға Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарапынан әзірленген 300 дана жадынама қағаздар мен буклеттер таратылды.

Акцияның өтуі кезінде барлығы 31 әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде, ұсақ бұзақылық ӘҚБтК 434 -ші бабы бойынша – 5 адам, Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу

бойынша 440-шы бапқа сай – 7 адам, Жекелеген қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын тұтынуға тыйым салуды бұзудың 441-ші бабы бойынша - 6 адам, Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масан күйдегі басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масан күйдегі адамның басқаруына беру 608-ші бабы бойынша – 1 адам, Жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзудың 620-шы бабы бойынша – 4 адам.

Дамыған қоғам барлық жағынан тәртіптілік пен ұқыптылықтан басталады: подъездің жайлылығы, ауланың тиянақтылығы, тазалық, күлімдеген адамдар. Мұны басқа біреу жасайды деп күтіп отырудың да қажеті жоқ. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіппен қамтамасыз ету құқықтық мәдени іс болып, оған кез-келген азаматтардың қатысуы болуы керек. Тек осылай ғана біз ұсақ құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік атмосферасын туғыза аламыз және ең алдымен қоғамдық қауіпсіздікті сақтаймыз.

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»  
ММ**

## Заңнамадағы оңды жаңалық

### КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ

2014 жылы 17 мамырда Қазақстан Республикасының Үкіметімен «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің стандарттарын бекіту туралы» №505 Қаулысы қабылданды. Көрсетілген Қаулымен 2014 жылы 17 маусымда «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің есептері бойынша адамның қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жаңа Стандарты қолданысқа енгізілді (әрі қарай-Стандарт). Осы уақытқа дейін берілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама беру» деп аталған. Одан бұрын берілген анықтамада, сұралынып отырған тұлғаларға қатысты бар мәліметтер, сотталғандығын өтеуіне есепке ала отырып және сотпен тек сол қылмыстық істер бойынша шығарылған айыптау үкімдері көрсетілген. Бұдан басқа, егер сұралынып отырған тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді тоқтату туралы мәліметтер бар болса, онда ұсақ мәліметтер берілген анықтамаларда көрсетілмеген.

Қазір, жаңа Стандарт жеке тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық көрсетілетін қызметті басқаша іске асыруды ұйғарды. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің есептері бойынша адамның қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпарат беру» анықтамасында, сұралған жеке тұлғаға қатысты барлық бар мәліметтер, олардың өтелгендігі есепке алынбай көрсетіледі. Яғни, ақпаратта, тұлғаның айыпталушы ретінде тартылуы туралы ақпаратты қосқанда, сонымен қатар Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс, сонымен бірге ақталмаған негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы барлық бар болған мәліметтер көрсетіледі.

Арнайы есепке алуды жүргізу, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметке түсуге шектеу қою бөлігінде, заңнамаға енгізілген өзгерістердің салдарынан, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарды ақпараттық қамтамасыз ету үшін арналғанын ескере отырып (ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары, «ҚР Еңбек кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы»), ақпарат беру, есепке алудың барлық мәліметтерінің көрсетілуімен, сонымен қатар мерзімінің өтелуіне, сотталғандығының жойылуына, тартылу күніне тәуелсіз, Комитеттің арнайы мұрағаттық қоры бойынша жүзеге асырылады.

Құқықтық статистика органдары көрсететін берілген мемлекеттік қызмет Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:

-ХҚКО құжаттар пакетін тапсырған мезеттен бастап, сонымен қатар Порталға жүгінген кезде-3(үш) жұмыс күнінің ішінде;

-Шет елге шыққан жағдайда-5(бес) жұмыс күнінің ішінде.

ХҚКО жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні, мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электронды және (немесе) қағаз түрінде; Шекарадан тыс шығуға қызмет көрсетуді алу үшін, ақпаратты беру- қағаз түрінде әзірленеді.

Қағаз түрінде ақпаратты алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі Қарағанды облысы бойынша Басқармасының фирмалық бланкіде шығарылып, мөрмен және қолтаңбамен куәландырылады. Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі, уәкілетті тұлғамен, қызмет көрсетушімен электронды цифрлық қолтаңбасы (әрі қарай-ЭЦК) қойылған түрінде «жеке кабинетке» жіберіледі. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Жұмыс кестесі:

-ХҚКО-дүйсенбіден сенбі аралығын қоса алғанда сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз,

## Реализация правовой политики

### ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ДОВЕРИЯ ГРАЖДАН К ОРГАНАМ ПРОКУРАТУРЫ

За прошедшие годы принят ряд важнейших законодательных актов, способствующих поступательному развитию государственных и общественных институтов, обеспечивающих устойчивое социально-экономическое развитие Казахстана. Также за годы независимости Казахстана сложилась и в целом эффективно функционирует правоохранительная система, отвечающая потребностям демократического и правового государства.

Следует отметить, что главными приоритетами в правоохранительной деятельности является: борьба с преступностью, обеспечение законности и общественной безопасности, защита прав и свобод граждан, обеспечение неотвратимости реакции государства на любые правонарушения, быстрое и полное раскрытие преступлений, изобличение и привлечение к уголовной ответственности лиц, их совершивших, профилактика правонарушений, взаимодействие с гражданами в борьбе с преступностью. В целом, важно отметить, что реализация правовой политики позволит воплотить в жизнь основные идеи и принципы Конституции республики в контексте нового этапа строительства в Казахстане правового государства.

Основными принципами повышения доверия и развития государства являются: вовлечение всего общества в процесс достижения устойчивого развития; создание политического базиса для устойчивого развития; экономический прогресс в результате активного внедрения высоких технологий в экономику страны, повышение эффективности использования ресурсов; обеспечение конкурентоспособности науки и образования; улучшение состояния здоровья населения, демографической ситуации в результате внедрения парадигмы здорового общества. Приоритетами являются: внедрение и использование новых технологий; региональные проблемы устойчивого развития; повышение уровня социальной безопасности населения; предупреждение и уменьшение преступлений и правонарушений.

Политическая ситуация в Казахстане демонстрирует всему миру уникальный пример стабильности, межконфессионального согласия, развития демократии и общественных институтов в интересах всех граждан страны. Устойчивое политическое развитие Казахстана может и должно играть важную роль в становлении страны как источника сбалансированных инициатив для мирового сообщества. Взвешенная внутренняя и внешняя политика Главы государства обеспечила создание современного, динамично развивающегося государства с социально-ориентированной экономикой. Государство создало правовые и социально-экономические условия для гармоничного и всестороннего развития граждан, соблюдения их прав и свобод, сохранения межнационального согласия и формирования гражданского общества. С разви-

тием государственности Казахстана менялись место и роль прокуратуры в системе республиканских органов, ее деятельность наполнялась новым содержанием, изменялись функции прокурорского надзора. Однако, как бы ни корректировались и стоящие перед прокуратурой задачи, она постоянно оставалась правоохранительным органом, основным содержанием деятельности которого неизменно оставались забота об укреплении законности и правопорядка, обеспечение защиты интересов государства, социально-экономических, политических и личных прав и свобод граждан, предотвращение правонарушений.

На всех этапах развития государства неизменно возрастала роль прокуратуры и перед ней стояла задача — обеспечить такое повседневное направление работы, чтобы каждый гражданин знал и понимал, что именно в лице прокурора он всегда имеет первого и самого близкого защитника своих интересов. Свои полномочия прокуратура республики осуществляет в строгом соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан. На сегодня в ее деятельности исключены факты подмены других государственных органов, необоснованного вмешательства в функциональную деятельность различных хозяйствующих субъектов. Происходящие в стране и законодательстве перемены выдвинули на первый план человека как высшую ценность общества, были расширены права граждан на судебную защиту. Правовая защита личности стала главным содержанием деятельности органов прокуратуры республики.

В порядке обратной связи призываю граждан активнее обращаться в Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры по Карагандинской области (г. Караганда ул. Жамбыла 97 тел.8-7212 56-40-08) по вопросам нарушений своих прав, о всех случаях ненадлежащего рассмотрения обращений граждан государственными органами и учреждениями, сообщать о случаях ущемления прав незаконными действиями государственных и муниципальных служащих и т.д.

Особо прошу граждан сообщать о всех случаях отказа гражданам в приеме или уклонения от приема и регистрации сообщений о преступлениях органами, обязанными принимать и регистрировать указанные сообщения (органы полиции, органы службы судебных приставов, органы пожарной инспекции и другие). Такая активная позиция граждан будет препятствовать укрытию преступлений от учета, обеспечению неотвратимости наказания за совершенные преступления и правонарушения, в целом послужит укреплению законности и правопорядка в районе.

**Тен Л.К.,  
Уполномоченный прокурор  
по городу Приозерск**

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін санамағанда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «электронды» кезек тәртібімен, жеделдетілген қызмет көрсетусіз, жүзеге асырылады, электронды кезекті Портал арқылы брондап қоюға болады;

Портал-тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді санамағанда).

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі (немесе оның сенімхат бойынша өкілі):

ХҚКО-на:

еркін түрдегі өтініш;  
жеке куәлік (сәйкестендіру үшін);он алты жасқа толмаған тұлғалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасының ұсынылуымен);

үшінші тұлғамен мемлекеттік қызметті алушының мүддесін таныстырушы кезінде-нотариалды куәландырылған сенімхат;

Порталға:  
қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен қойылған, электронды сұранымы.

**Приозерск қалалық  
прокуратурасы**





## ҚҰРБАН АЙТ МҮБӘРАК БОЛСЫН !

### Құрметті мұсылман қауым!

Алланы бір, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды хақ деп білетін мұсылман баласы үшін Жаратушымыз белгілеп берген екі мейрамның ұлығы - Құрбан айт күндеріне де жеттік. Алла тағаланың разылығы үшін мал шалынып, кең дастарқан жайылып, еңбектеген сәбиден еңкейген кәріге дейін шат-шадыман қуанышқа бөленетін бұл ұлық мейрам Қазақстан жұртшылығына да ырыс пен береке әкелсін! Әрбір отбасына бақыт, қуаныш қонғай! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ бергей!

Дауіт Қажы Сейтқалиұлы,  
Приозерск қалалық мешіттің имамы

### Иман айнасы

## АҚ НЕКЕ –АЛЛАНЫҢ АДАМЗАТҚА БЕРГЕН СЫЙЫ

Адам баласы үшін отбасын құру өмірдегі ең қуанышты сәттерінің бірі болса керек. Себебі отбасылық өмір екі дүниелік бақыт.

Құранда: «Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың (һәм бірің-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтудің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың (яғни, Аллаға тағзым етуде, иман келтіруде әрі мойынсұнуда ең алда болғандарың!)» [«Хужурат» сүресі, 13-аят] деу арқылы адамзат шежіресінің сонау Адам атадан бері жалғасып келе жатқанын көрсетеді.

Аяғта айтылғандай ер мен әйел затынан адамзат ұрпағы өзара неке қидырып, отбасын құру арқылы тіршіліктерін жасап келеді.

Сондай ақ, ер мен әйел ақ некелерін қидырған сәттен бастап өздеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ардақты Елші (с.ғ.с.) некені өзінің сүннеті ретінде орнатты: «Некелескендерінде оны жан-жаққа жариялаңдар» деген хадисі жай ғана келісімді меңземейді, қайта одан да жоғары жауапкершілікті нұсқайды.

Ақ некесін қидырған жастар бір-біріне сүйеу һәм қамқор болған жағдайда босағалары берік, іргетасы мығым болмақ. Өзара түсіністікпен, шынайы сеніммен, төзімділік қағидаларын бекем ұстанған берекелі шаңырақтың өзгелерге нағыз үлгі болары сөзсіз.

Ақ неке арқылы шаңырағы нық құрылған отбасы – Алланың адамзатқа берген сыйы, мейірімі. Оны сақтап қалу мүмкіндігі адамзатқа берілген. Себебі, бұл мүмкіндік адам баласын екі дүниеде де бақытқа жеткізеді.

Алайда, кейбір жастарымыз осы мүмкіндікке жеңіл-желпі қарап, өзінің және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезбей жатады. Аталмыш ақ некеге жеңіл қараған екі жас, жақындарының рұқсатынсыз өзара некелесе салады. Мұндай жастардың арасында көп ұзамай өзара түсінбеушілік,

әлеуметтік жетіспеушілік, жарының көзіне шөп салу, ішімдік, нашақорлық секілді жаман әдеттер орын алса, діни қағидаларды өз еркінше түсінген яки ниеті бұзық ерлердің жауапкершіліктен жалғару мақсатында «талақ» сөзін еркін үш рет айтып, қаншама қарақоз қарындастарымыздың көз жасына қарамай тастап кету оқиғалары орын алуда.

Қандай себеп болмасын шаңырақты сақтап қалу үлкен батырлық. Ал талақ (ажырасу) – Жаратқан Жаппар Иенің адал еткен істерінің ішіндегі ең жағымсызы. Ардақты Елші (с.ғ.с.): «Алла тағалаға адал еткен істің ішіндегі ең жағымсызы – ажырасу» [Әбу Дауіт, Талақ, 3] – деп жөн-жосықсыз ажырасудың дұрыс емес екенін тілге тиек еткен.

Сондай-ақ, некеге немқұрайлықпен қарап, онымен қалжыңдасуға да болмайды. Себебі «үш нәрседе ойнауға болмайды: неке, талақ және құлдықтан азат ету» [Мұхаммед ибн Исмаил ас-Санғани. Субулус сәләм шарх Булуғ әл-марам. Бейрут. 1088 б.], – делінген.

Асыл дініміз ақ некенің жанұя бақыты үшін қашан да баянды болғанын қалайды.

Отбасы – бір Отан һәм қоғамның іргетасы. Отбасында ынтымақ, түсіністік мықты болса, соншалықты қоғам да мықты болары сөзсіз.

Сондықтан да, асыл дініміз отбасына аса көңіл бөлген. Некені – екі жұптың қасиетті одағына теңеген. Беріктік һәм сенімділік бастауы ретінде қараған. Әрбір отбасында сезім мен сенім, сыйластық пен шынайылық орын алса елдің қуанышы мен бақыты берік болмақ.

Қалмахан ЕРЖАН,  
теология ғылымдарының докторы, «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті Динтану кафедрасының меңгерушісі

## «НҰРЛЫ ЖОЛ- БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ»

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жылда халыққа өз жолдауын арнап отырады. Ұлттық сараптама орталық бөлім ұжымы Елбасымыздың «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» атты жолдауындағы жаңа экономикалық саясатын қолдап оның халықтың әл-ауқатын жақсартуға айтарлықтай үлес қосатынына зор сенім білдірді.

Жолдауда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды бірлікті бекемдеп, аянбай тер төгуге шақырды. «Біз Жалпыұлттық идеямыз — Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел — елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан — 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы», — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы

денсаулық сақтау саласының дамуына Жолдауда кеңінен тоқталды. Бүгінгі таңда тұтыну тауарларының қауіпсіздігі өте тиімді зертханалық бақылау арқылы қамтамасыз етілуде. Соның ішінде азық-түлік, қоршаған орта нысандарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру арқылы жұртшылықты сапасыз, денсаулыққа зиян келтіретін өнімдерден қорғау жүзеге асырылуда. Ал зертханалық сараптаулар жедел әрі сенімді білікті мамандардың күшімен жүргізіледі. Бұл істердің бәрінде техникалық мөлшерлемелер толық сақталуда. Біздің ұлттық сараптама орталығы бөлімі ұжымы Елбасы жолдауына үлкен сенім артып, алға қойылған міндеттерді талапқа сай орындау ақылы ертеңгі күннің жарқын болатынына үлкен сенімділікпен еңбек етуде.

Наушаруанов Қ.Ә.

«Ұлттық сараптама орталығы»  
ШДЖҚ РМҚ ҚО филиалы  
Приозерск қалалық бөлімі бастығы

### Жастарға тәлім-тәрбие

## ӨЗ ӨМІРІҢДІ ҚОРҒА !

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында «Қазақстан Республикасы зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп көрсетілген. Сондықтан да адам өміріне қауіп төндіретін қандай да болмасын іс-әрекеттерге бүкіл қоғамымыз әрдайым қарсы тұрып, күрес ашуда.

Ағымдағы жылдың 17 қыркүйегі күні Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тапсырысы арқылы «Қарағанды студенттер Альянсы» Корпоративтік қорының ұйымдастыруымен «Өз өміріңді қорға!» атты акция өтті. Акцияға қаладағы білім ошақтарының 9-11 сынып оқушыларынан 200-ге жуық адам қамтылды.

Акцияның мақсаты бүгінде бүкіл адамзат баласының өміріне қауіп болып отырған жайлардың ең негізгілерінің бірі нашақорлық пен есірткі бизнесі және жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысқа қарсы үгіт насихат жұмыс-тарын жүргізу болып табылады.

Іс-шара бағдарламасына сай акцияға құрамы 5 адамнан тұратын 5 команда қатысты. Әрбір қатысушы команда әр түрлі логикалық, спорттық, өнер тапсырмалары берілген кезеңдер

бойынша сынға түсті. Осы орайда №1 жалпы білім беру қазақ орта мектебінің «Болашақ» атты команда құрамасы ерекше көзге түсіп, өздерінің ұшқыр ойлы білімдері мен біліктіліктерін танытып, жеңіске жетті. Екінші



орынға «Поколение NEXT», үшінші орынға «Денсаулық», төртінші орынға «Наш выбор», бесінші орынға «Наше будущее в наших руках» атты командалар ие болды. Акция соңында барлық жеңімпаздарға командалық арнайы сертификаттар, дипломдар, сыйлықтар табыс етілді.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

#### НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.  
Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59  
\*\*\*

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.  
Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11  
\*\*\*

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж.

Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98,8-747-

950-51-80, дом тел:5-52-40  
Рассмотрим варианты!  
\*\*\*

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97

#### КУПЛЮ

БАЛЛОНЫ кислородные, аргонные, углекислотные, ацетиленовые, азотные (40л,20л,10л,5л.). Баллоны пропановые (50л, 27л.) Вентили кислородные.

Колпаки. Емкости АГУ-2М  
Емкости ЦТУ-8-10-12  
телефон:8 701 203 37 44

#### УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мад. Тел. 87026988613

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

#### ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Сайлаушылардың базасын жаңалау мақсатында және мәлімет базасымен сәйкестікті анықтау үшін сіздерден қала әкімі аппаратының №6 кабинетіне келуді сұраймыз.

Приозерск қаласы әкімінің аппараты

#### ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА!

В целях формирования базы избирателей по городу, просим вас подойти в аппарат акима города, для сверки данных по базе в кабинет №6.

Апарат акима города Приозёрск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.  
Заказ № 37/422 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.